

## Мұнай өнімдері нарығын тұрақтандырудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 14 қазандағы N 291-Ә Өкімі

Қазақстан Республикасының ішкі нарығын тұрақтандыру және мұнай өнімдерімен молайту, сондай-ақ мұнай өндійтін зауыттардың шикізатпен толық жүктелуін қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамымен бірлесіп, мұнай өндійтін зауыттарды шикізатпен толық жүктеуді қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне күн сайын ақпарат берсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен мұнай өнімдерін өндірумен, сатумен және сақтаумен айналысатын нарық субъектілерін монополияға қарсы заңнаманы, оның ішінде келісілген іс-қимылдарды (бағалық келісуді) сақтау мәніне тексеруді мұдделі мемлекеттік органдардың өкілдерін тарта отырып, жұмыс топтарын құрумен, республиканың барлық өнірлеріне шығып жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі өздерінің аумақтық бөлімшелері өкілдерінің осы жұмысқа және мұдделі мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, ұлттық компаниялардан (келісім бойынша) қажетті ақпарат алуға қатысуын қамтамасыз етсін.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері аумақтық табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау басқармаларының өкілдерін, сондай-ақ әкімдіктердің қызметкерлерін тексеру жүргізу кезеңіне Индустрія және сауда министрлігі Бәсекелестікті қорғау комитетінің қарамағына іссапарға жіберсін.

5. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті (келісім бойынша) белгіленген тәртіппен тиісті тексерулерді жедел тіркеуді қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі апта сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне жүргізілген тексерулердің нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы ақпарат берсін.

7. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрія және сауда министрі С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК